

Бекітемін
Ж.Т.Жанайдаров
2023 жыл «31» тамыз



Тәрбие жұмысының жоспары

Педагог Тавбаева Б

Тобы /сыныбы 11 «Б»

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылуы керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дағды болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі: - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі: - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы: - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі: - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

Жоғары буын бойынша ұсынылатын индикаторлар (9-11кл.)

«ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ»

- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;

«АР-ҰЯТ»

- Отбасының, өз ортасының абыройын асыру;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Халқына адал қызмет ету;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Әдеп нормаларын ұстану;

«ТАЛАП»

- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Сыни және креативті ойлау;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;

Қыркүйек

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені»	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым»	Ақтөбе облысы білім басқармасы Ақтөбе қаласының білім бөлімі	01.09.2023
2	5қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Ұлттың ұлы ұстазы- Ахмет Байтұрсынұлы»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	06.09.2023
3	«Отбасындағы ортақ тіл»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	13.09.2023
4	Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	20.09.2023
5	Сабыр түбі сары алтын	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	27.09.2023

СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	«Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»	Инстаграмм парақшасы		
2	«Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі»	Инстаграмм парақшасы		

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС				
1	«Адалдық-атадан қалған мұра»	Сыныптың инстаграмм парақшасы	«Ата-аналар» мектебі	

Қазан

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл «Қазақ әдебиетінің ақсұңқары»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	04.10.2023
2	«Жемқорлыққа жол жоқ»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	11.10.2023
3	«Өнегелі өмір» эссе (<i>«Жеткіншектің жеті жарығы» жобасы</i>)	Сынып сағатының жоспары. Эссе қорытындысын жариялау	Сынып жетекшісі	18.10.2023

СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА

1	«Мейірімділік құндылығы»	Инстаграмм парақшасы		
2	5 қазан – Мұғалімдер күніне орай «Үстаз-ұлы есім»	Инстаграмм парақшасы		

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

1	«Әкем айтқан нақыл сөз»	Сынып инстаграмм парақшасы	«Әкелер» мектебі
---	-------------------------	----------------------------	------------------

Қараша

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Адалдық адамдық белгісі	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	08.11.2023
2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	15.11.2023
3	Бақыт-алда тұрған арман, мақсат	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	22.11.2023
4	Стресс пен одан арылу жолдары	Инстаграмм парақшасы	Мектеп психологы	29.11.2023

СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА

1	«Қоғамға қызмет ет» Волонтерлік қозғалыс, қайырымдылық акциялары, әлеуметтік бағдарланған флешмобтар мен челенджер өткізу	Инстаграмм парақшасы	«Еріктілер» клубы
---	---	----------------------	-------------------

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

1	«Таным. Тағылым. Тәрбие» (Еңбегі адал жас өрен)	Суреттер, инстаграмм парақшасына жариялау	«Ата-аналар» клубы
---	---	---	--------------------

Желтоқсан

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Мамандықты ақылмен таңда!	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	06.12.2023
2	Туелсіздік-ел тірегі	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	13.12.2023
3	Қазақстанның болашағы білімді ұрпақ қолында	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	20.12.2023
4	«Экологияны ластамаңыз жас жеткіншек!»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	27.12.2023
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	Инстаграмм парақшасына жариялау		
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС				
1	«Ұлттық мектеп лигасы» жобасын іске асыру, білім алушылардың денсаулығы мен әл-ауқатын нығайтуда білім алу ұйымдарымен бірлесе спорттық ойындар өткізу.	Инстаграмм парақшасына жариялау	Ақтөбе қалалық балалар-жасөспірімдер мектебі	

Қаңтар

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
---	------------------------	---------------	------------	-----------------

1	«Сыйластығымыз жарасқан»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	10.01.2024
2	«Ғаламтордың зияны мен пайдасы»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	17.01.2024
3	«Әдептілік-әдемілік»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	24.01.2024
4	«Құқықбұзушылықтың алдын алу»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	31.01.2024
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	«Қоғамдық игілікке қызмет ету»	Инстаграмм парақшасы	Еріктілер клубы	
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС				
1	«Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен»		«Әкелер» мектебі	

Ақпан

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«Дін және қазіргі қоғам»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	07.02.2024
2	«Қазақ даласының ұлы тұлғалары»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	14.02.2024
3	Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	21.02.2024

4	«Ізгіліктің бір ізі - алғыс айту» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Инстаграмм парақшасы		28.02.2024
---	---	----------------------	--	------------

СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА

1	«Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық»	Инстаграмм парақшасы		
---	---------------------------------------	----------------------	--	--

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

1	«Сабырлылық-асыл қасиет» («Ата-аналар мектебі» жобасы)		«Ата-аналар» мектебі	
---	--	--	----------------------	--

Наурыз

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Ана-гүл, ана-өмір шуағы	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	06.03.2024
2	«Тарихқа тағзым» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Тарихи ескерткіштер	13.03.2024
3	«Қош келдің-Әз наурыз»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	20.03.2024
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	«Жарқ ете қалсам найзағай болып» («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы)	Сыныптан тыс іс-шара сценарийі		
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС				
1	«Тәлімменен өрілген біздің дәстүр»		«Ата-«әжелер» мектебі	

Сәуір

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«Кекшіл болма, көпшіл бол»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	3.04.2024
2	«Қазақтың ұлттық ойындары»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	10.04.2024
3	«Адал өмір сүру абзал қасиет»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	17.04.2024
4	«Тәрбиенің ең тамаша мектебі отбасы»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	24.04.2024
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	«Жүрегім қазақ» жастарды ынталандыру және кәсіби бағыттау мақсатындағы кездесу		Кәсіби бағдар беру орталықтары	
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС				
1	«Таным. Тағылым. Тәрбие» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)			

Мамыр

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	«Адам болам десеңіз.....»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	08.05.2024
2	«Мамандылыққа бейімділікті анықтау»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	15.05.2024
3	ҰБТ-ға дайындық деңгейің қандай?		Мектеп психологы	22.05.2024

СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА

1	«Отбасы FEST» фестивалі	Видео, суреттер	«Отбасы FEST» фестивалі	
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС				
1	«Халықаралық отбасы күні» Денсаулық FEST (Ұлттық мектеп лигасы)	Видео, суреттер	Ата-аналар қоғамының мүшелері	